

## Әскери полиция органдары туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 21 ақпандағы N 32 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 14 наурыздағы № 205-VII Заңымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР 14.03.2023 № 205-VII Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **МАЗМҰНЫ**

Осы Заң Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдары әскери полициясы органдарының (бұдан әрі - әскери полиция органдары) құқықтық негіздерін, принциптерін, міндеттерін және жүйесін белгілейді.

### **1-тaraу. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

#### **1-бап. Әскери полиция органдарының мәртебесі**

Әскери полиция органдары Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, ұлттық қауіпсіздік органдарының, Ұлттық ұланының құрамына ұйымдық тұрғыдан кіретін және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында құқық тәртібін қамтамасыз ету жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын арнайы әскери бөлімшелер болып табылады.

**Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 10.01.2015 № 275-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **2-бап. Әскери полиция органдары қызметінің құқықтық негізі**

Әскери полиция органдары қызметінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, осы Заң, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттар құрайды.

#### **3-бап. Әскери полиция органдары қызметінің принциптері**

Әскери полиция органдарының қызметі заңдылық, дара басшылық, жариялылық, заң алдында жүргіттың бәрінің теңдігі, адам мен азаматтың құқықтарын және бостандықтарын құрметтеу мен сақтау принциптеріне құрылады.

#### **4-бап. Әскери полиция органдарының жүйесі мен құрылымы**

1. Әскери полиция органдары Қазақстан Республикасының Қарулы Құштерінде, ұлттық қауіпсіздік органдарында және Ұлттық ұланында құрылады.

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі, Ішкі істер министрі, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы әскери полиция органдарының қызметіне басшылықты жүзеге асырады, ұйымдастыруышлық-штаттық іс-шараларды жүргізу туралы шешімдер қабылдайды, құрылымы мен штат санын бекітеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді қабылдайды.

**3. Алып тасталды - ҚР 13.06.2017 № 69-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Ескерту. 4-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 10.01.2015 № 275-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

### **5-бап. Әскери полиция органдарының міндеттері**

Әскери полиция органдарының міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының Қарулы Құштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында құқық тәртібін қамтамасыз ету;

2) Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген құзыреттер шегінде қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың профилактикасы, олардың алдын алу, анықтау, жолын кесу және ашу;

2-1) Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген құзырет шегінде сыйайлас жемқорлықтың алдын алу және әкімшілік сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау;

3) қылмыстар және құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін мән-жайларды анықтау;

4) Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік заңнамасына сәйкес сотқа дейінгі тергеп-тексеру ісін жүргізу;

5) анықтау, тергеу органдарынан және соттан жасырынып жүрген, сондай-ақ әскери бөлімдер орналасқан жерді өз бетімен тастап кеткен әскери қызметшілерді іздестіру;

6) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары, Қарулы Құштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары көлік құралдарының жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

7) заңнамада көзделген жағдайларда әскери қызметшілерді гауптвахтаға жабу арқылы ұстауды орындау, сондай-ақ әкімшілік қамауға алу түріндегі әкімшілік жазаны орындау;

7-1) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің Айрықша мақсаттағы құштерін қоспағанда, Қазақстан Республикасы Қарулы Құштерінің,

басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін тиісті құжаттар мен мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін бере отырып, мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру;

7-2) әскери полиция органдарында тіркелген механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндettі техникалық қарап тексеруден өткізу;

7-3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құзыреті шегінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу;

8) өздеріне осы Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерімен жүктелген өзге де міндettерді жүзеге асыру болып табылады.

Бұдан басқа, Ұлттық қауіпсіздік комитеті әскери полиция органдарының міндettтері:

1) арнаулы мемлекеттік органдардың әскери қызметшілері мен қызметкерлері жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасына сәйкес сотқа дейінгі тергеп-тексеру ісін жүргізу;

2) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша (арнаулы мемлекеттік органдардың көлік құралдарын жүргізетін адамдар жасаған жол жүру қағидаларын бұзу бөлігінде) іс жүргізу;

3) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы айқындастырылған тәртіппен және шектерде Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының объектілерін, оның ішінде қару-жарақты, арнайы құралдарды, қауіпсіздік жүйелерін және өзге де техникалық құралдарды пайдалана отырып күзету, сондай-ақ көрсетілген объектілерде рұқсаттамалық және обьектішілік режимдерді қамтамасыз ету;

4) Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізу саласындағы қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы айқындастырылған тәртіппен және шектерде үйлестіру болып табылады.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери бөлімдеріндегі тәуліктік наряд қызметін, ішкі және гарнizonдық қызметтерді ұйымдастыруға ішкі бақылауды жүзеге асыру да Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери полиция органдарының міндettі болып табылады.

**Ескерту. 5-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР-ның 2009.07.10 № 177-IV, 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.01.2014 № 159-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.04.2014 № 195-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен**

соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2014 № 233-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 18.11.2015 № 411-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 291-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.11.2020 № 375-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Занымен.

**6-бап. Әскери полиция органдарының мемлекеттік органдармен және ұйымдармен, лауазымды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасауды және ынтымақтастыры**

1. Әскери полиция органдары өз қызметін заңнамада белгіленген шекте Қазақстан Республикасының құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдарымен өзара іс-қимылда жүзеге асырады және өздерінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша бір-бірін хабардар етіп отырады.

Әскери полиция органдарының мемлекеттік органдармен, олардың құрылымдық бөлімшелерімен және ведомстволық бағынысты ұйымдарымен өзара іс-қимылын ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібі тиісті мемлекеттік органдардың бірлескен нормативтік құқықтық актілерінде айқындалады.

2. Әскери құралымдар қолбасшылығы, әскери басқару органдары мен әскери қызметшілер әскери полиция органдарына оларға жүктелген міндеттерді шешуде жәрдемдесуге міндетті.

Ескерту. 6-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 13.01.2014 № 159-V Занымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

## **2-тарау. ӘСКЕРИ ПОЛИЦИЯ ОРГАНДАРЫНЫҢ ӨКІЛЕТТІКТЕРІ**

**7-бап. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери полиция органдарының өкілеттіктері**

Қарулы Күштердің, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның азаматтық қорғанысты басқару органдары мен әскери бөлімдерінің әскери қызметшілеріне қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізууді Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери полиция органдары жүзеге асырады.

Ескерту. 7-бап жаңа редакцияда – ҚР 29.06.2021 № 58-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Занымен.

**7-1-бап. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскери полиция органдарының өкілеттіктері**

1. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскери полиция органдарының сотқа дейінгі тергеп-тексеру ісін жүргізу бөлігіндегі өкілеттіктері арнаулы мемлекеттік органдардың әскери қызметшілері мен қызметкерлеріне қолданылады.

2. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскери полиция органдары өздеріне жүктелген міндеттерді орындау үшін өкілеттіктері шегінде және заңда белгіленген тәртіппен ұлттық қауіпсіздік органдарының көлік құралдарын тоқтатып кідіртуге, тыйым салуға негіз болған себептер жойылғанға дейін, сондай-ақ тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін ақаулар мен жағдайлар болған кезде оларды пайдалануға тыйым салуға, тораптары мен агрегаттарының нөмірлері не мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілері жасырылған, қолдан жасалған, өзгерілген, сол сияқты көлік құралдарының таңбалануы тіркеу құжаттарында көрсетілген деректерге сәйкес келмеген кезде ұлттық қауіпсіздік органдарының көлік құралдарын пайдалануға тыйым салуға, алкогольдік, есірткілік және уытқұмарлық масаң күйдегі адамдарды ұлттық қауіпсіздік органдарының көлік құралдарын басқарудан шеттетуге және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және жағдайларда оларды медициналық зерттеп-қарауға жіберуге құқылы.

**Ескерту. Заң 7-1-баппен толықтырылды - ҚР 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Занымен; жаңа редакцияда - ҚР 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Занымен.**

### **8-бап. Әскери полиция органдарының құқықтары**

Әскери полиция органдары өздеріне жүктелген міндеттерді орындау үшін өз өкілеттіктері шегінде және заңмен белгіленген тәртіpte:

1) әскери қызметшілерден, әскери жиындардан өту уақытында запастағы азаматтардан, сондай-ақ әскери бөлімдердің, құрамалардың, мекемелердің азаматтық қызметтегі адамдарынан өздерінің қызметтік міндеттерін орындауға байланысты қоғамдық тәртіпті, әскери нысанды киім киіп жүру ережелерін сақтауды, құқыққа қарсы іс-әрекеттерді және әскери полиция органдарының міндеттері мен функцияларын жүзеге асыруға кедергі келтіретін іс-әрекеттерді тоқтатуын талап етуге;

2) әскери қызметшілер және әскери жиындардан өту уақытында запастағы азаматтар, ал әскери бөлімдер (әскери объектілер) және гарнizonдар аумақтарында өзге де адамдар құқық бұзушылықтар жасаған кезде олардың жеке басын қуәландыратын құжаттарын тексеруге, құқық бұзушылықты тоқтатуды қамтамасыз ететін шаралар қолдануға;

3) іс жүргізудегі материалдар мен қылмыстық істер бойынша әскери қызметшілерді және өзге де азаматтарды әскери полиция органдарына шақыруға,

олардан түсініктемелер, құжаттар немесе солардың көшірмелерін алуға, жауап алуға және өзге де тергеу іс-әрекеттерін жүргізуге, сондай-ақ дәлелсіз себеппен келуден жалтарған адамдарды занда белгіленген тәртіппен күштеп әкелуге;

4) қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалуына құдікті, сондай-ақ анықтау, алдын ала тергеу органдарынан немесе сottan жасырынып жүрген айыпталушы немесе сottалушы әскери қызметшілерді Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ұстап алуға;

5) осы баптың 4) тармақшасында аталған, ұстalған адамдарға жеке тексеру жүргізуге, олардың заттарын, құжаттарын, көлік құралдарын тексеруге, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заңсыз айналымдағы заттарды алып қоюға;

6) әскери тәртіпті немесе қоғамдық тәртіпті өрескел бұзған әскери қызметшілерді ұстauға және әскери полиция органдары мекемелеріне немесе қызмет атқарып жатқан жеріне жеткізуге;

7) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес әскери қызметшілерге, әскери жиындардан өту уақытында запастағы азаматтарға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асыруға;

8) әскери қызметшілер, сондай-ақ әскери жиындардан өту уақытында запастағы азаматтар жасаған тәртіптік теріс қылықтар туралы материалдарды әскери бөлімдердің тиісті командирлерінің (бастықтарының) қарауына беруге;

9) Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасында белгіленген өкілеттіктер шегінде сотқа дейінгі тергеп-тексеру ісін жүргізуге;

10) азаматтардың қауіпсіздігіне қатер төндіретін қылмыстық құқық бұзушылықтардың жасалуына сезікті адамдарды қудалау кезінде азаматтардың тұрғын үйіне және өзге де үй-жайларына, оларға тиесілі жер учаскелеріне, мемлекеттік органдардың және ұйымдардың аумағына және үй-жайларына (шет мемлекеттердің және халықаралық ұйымдардың дипломатиялық иммунитеті бар өкілдіктерінен басқа) кедергісіз кіруге және оларды қарап шығуға не онда қылмыстық құқық бұзушылық жасалған немесе жасалып жатыр деуге жеткілікті негіздер бар болған жағдайда, сонынан бұл туралы жиырма төрт сағат ішінде прокурорды хабардар етуге;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды сақтай отырып, мемлекеттік органдардан және ұйымдардан іс жүргізуіндегі қылмыстық істер бойынша ақпарат пен материалдарды кедергісіз және өтеусіз алуға;

12) өз құзыреті шегінде әскери қолбасшылыққа және өзге де лауазымды адамдарға қылмыстар мен құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін мән-жайларды жою жөнінде ұсыныстар енгізуге;

13) қызмет мақсатында кезек күттірмейтін жағдайларда байланыс құралдарын орналасқан жеріне және кімге тиесілігіне қарамастан пайдалануға;

14) әскери бөлім орналасқан жерді өз бетімен тастап қаруымен кеткен әскери қызметшілерді іздестіру және ұстau жөніндегі іс-шараларды жүргізу кезінде құқық қорғau органдарымен келісе отырып бақылау-өткізу пункттерін дербес орнатуға;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және жағдайларда, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлерінің және әскери құралымдарының көлік құралдарын ұстauға, алкогольмен, есірткімен және уытқұмарлықпен масаң қүйдегі адамдарды әскери көлік құралдарын басқарудан шеттетуге және оларды медициналық тексеруге жіберуге ;

16) қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалуына құдікті адамдарды ұстau жөніндегі шараларды жүргізу кезінде, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін мән-жайлар кезінде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша көшелердің, автомобиль жолдарының жекелеген участкерінде және басқа да аумақтарда көліктің және жаяу жүргіншілердің жол жүрісін шектеуге немесе оған тыйым салуға;

17) әскери көлік құралдарының колонналары өткен уақытта жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органмен үйлесімді түрде автомобиль жолдары мен көшелерде жол жүрісін реттеуге, осы колонналарға және арнайы мақсаттағы көлік құралдарына ілесіп жүруді ұйымдастыруға және қамтамасыз етуге;

18) әскери бөлімдер мен әскери мекемелерде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі бақылау және профилактикалық іс-шараларының орындалуын тексеруге;

18-1) әскери бөлімдер мен әскери мекемелерде әскери қызметшілердің Қазақстан Республикасының сыйайлас жемқорлыққа қары іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын сақтауын тексеруге;

19) өзге мүмкіндіктер болмаған кезде оқиға болған жерге бару, шұғыл медициналық көмекке мұқтаж әскери қызметшілер мен азаматтарды емдеу мекемелеріне жеткізу үшін әскери көлікті пайдалануға;

20) әскери полиция органдары ұстап алған не тергеуде және сотта жатқан әскери қызметшілерді ұстau үшін не қамаққа алуды қолдану үшін арнайы үй-жайы – гаупвахтасы болуына;

21) осы Занда, Қазақстан Республикасының өзге де зандарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

Қазақстан Республикасы Қарулы Құштерінің әскери полиция органдары өздеріне жүктелген міндеттерді орындау үшін құзыretі шегінде Қазақстан Республикасы Қарулы Құштерінің әскери бөлімдеріндегі тәуліктік наряд қызметін, ішкі және гарнизондық қызметтерді ұйымдастыруға ішкі бақылауды жүзеге асыруға құқылы.

Бұған қоса, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскери полиция органдары Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарында жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі бақылау және профилактикалық іс-шаралардың орындалуын тексеруге құқылы.

**Ескеरту. 8-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2008.05.26 N 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.07.10. N 177-IV; 13.01.2014 N 159-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.04.2014 № 195-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі), 03.07.2014 № 227-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.07.2014 № 233-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 18.11.2015 № 411-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2017 № 83-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.**

#### **9-бап. Әскери полиция органдарының міндеттері**

Әскери полиция органдары өздерінің алдына қойылған міндеттерге сәйкес және өкілеттіктері шегінде:

1) әскери қызметшілердің және басқа да азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын құқыққа қарсы қол сұғушылықтан қорғауға;

2) гарнизондарда құқық тәртібін қамтамасыз етуге, әскери қылмыстардың және өзге де құқық бұзушылықтардың алдын алуға, оларды анықтауға, ашуға және жолын кесуге, олардың жасалуына ықпал ететін мән-жайларды белгілеуге;

3) азаматтардың өтініштерін қарауға, әскери қызметшілер және әскери жиындардан өту уақытында запастағы азаматтар жасаған қылмыстар мен құқық бұзушылықтар туралы, сондай-ақ әскери бөлімдер мен гарнизондардағы оқиғалар туралы жедел ақпараттың есебін жүргізуға және оны талдауға;

4) әскери бөлім орналасқан жерді өз бетімен тастан кеткен, қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған, анықтау, алдын ала тергеу органдарынан және сottан жасырынып жүрген, қылмыстық жазаны орындаудан жалтарып жүрген әскери қызметшілерді басқа құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда іздестіруді жүзеге асыруға;

5) шақыру немесе келісімшарт бойынша әскери қызмет өткөріп жүрген әскери қызметшілер; әскери жиындардан өту уақытында запастағы азаматтар; өздерінің қызметтік міндеттерін орындауға байланысты әскери бөлімдердің, құрамалардың, мекемелердің азаматтық персоналының адамдары немесе осы бөлімдер, құрамалар және мекемелер орналасқан жерде азаматтық персонал адамдары жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізуге;

6) өз құзыреті шегінде әскери көлік құралдарының жол жүрісін және оларды пайдалану ережелерінің сақталуын бақылауды жүзеге асыруға;

7) занда белгіленген тәртіппен тергеушінің тапсырмасын, прокурордың нұсқауын, сот шешімін орындауға;

8) әскери полиция органдарының құзыретіне жатқызылған әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асыруға;

9) төтенше жағдайларды жою кезінде құқық тәртібін және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге;

10) әскери қызметшілер арасында әскери тәртіпті қамтамасыз етуде әскери қолбасшылыққа жәрдемдесуге;

11) құқыққа қарсы қол сұғудан, оқиғалардан және жазатайым жағдайлардан зардап шеккен, сондай-ақ шарасыз не денсаулығы мен өміріне қауіп төнген өзге де жағдайды бастан кешіріп жатқан азаматтарға көмек көрсетуге;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төтенше немесе соғыс жағдайы режимін қамтамасыз етуге қатысуға, соғыс уақытында Қазақстан Республикасының аумақтық қорғаныс жүйесінде жекелеген міндеттерді орындауға;

13) заңнамада көзделген жағдайларда әскери қызметшілерді гауптвахтага жабу арқылы ұстаяуға;

14) қылмыстық процесті жүргізетін органдардың жазбаша талаптары бойынша тергеу әрекеттерін жүргізу үшін құзетпен ұсталатындарды айдауылмен апаруды қамтамасыз етуге;

15) осы Занда, Қазақстан Республикасының өзге де зандарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыруға міндетті.

Ескерту. 9-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 13.01.2014 N 159-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.04.2014 № 189-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 03.07.2014 № 227-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.07.2014 № 233-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

## **9-1-бап. Үәкілдегі органдардың құзыреті**

1. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі:

1) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери полиция органдарының Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері көлік құралдарының жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметін ұйымдастыру қағидаларын;

2) әскери көлік құралдарының және арнайы мақсаттағы көлік құралдарының колонналарына ілесіп жүруді ұйымдастыру және қамтамасыз ету, автомобиль жолдарымен көшелерде осы колонналар өтетін уақытта жол жүрісін реттеу қағидаларын;

3) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери полиция органдарының гауптвахтасындағы ішкі тәртіптеме және онда құдіктілер мен айыпталушыларды ұстау тәртібі қағидаларын;

4) әскери қызметшілердің Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери полиция органдарының гауптвахтасында әкімшілік қамаққа алуды өтей қағидаларын;

5) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери полиция органдарының гауптвахтасындағы ішкі тәртіптеме және онда сottалғандарды ұстау тәртібі қағидаларын;

6) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери полиция органдарының патрульдік-бекеттік қызметінің жұмысын ұйымдастыру қағидаларын;

7) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери полиция органдарының қауіпсіздік шарапаларын жүзеге асыру қағидаларын;

8) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери полиция органдары әскери қызметшілерінің қызметтік әдеп қағидаларын;

9) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде әскерлер қызметін ұйымдастыру қағидаларын;

10) анықтау, тергеу органдарынан және сottан жасырынып жүрген, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери бөлімдері орналасқан жерді өз бетінше тастап кеткен әскери қызметшілерді іздестіруді ұйымдастыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді.

2. Ұлттық қауіпсіздік комитеті:

1) әскери қызметшілердің Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскери полиция органдарының гауптвахтасында әкімшілік қамаққа алуды өтей қағидаларын;

2) Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскери полиция органдарының патрульдеуді ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді.

**Ескерту. 2-тарау 9-1-баппен толықтырылды - ҚР 13.06.2017 № 69-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **10-бап. Әскери полиция органдары қызметкерлерінің жауапкершілігі**

1. Әскери полиция органдарының әскери қызметшілері құқық бұзушылықтар жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

Әскери полиция органдарының әскери қызметшілерін әскери тәртіпті бұзғаны үшін жауаптылықта тарту тәртібі әскери жарғылармен белгіленеді.

2. Әскери полиция органдары қызметкерлерінің іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

**Ескерту. 10-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.05.22 N 255, 03.07.2014 № 227-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **3-тарау. ӘСКЕРИ ПОЛИЦИЯ ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ АТЫС ҚАРУЫН, АРНАЙЫ ҚҰРАЛДАРДЫ ЖӘНЕ ДЕНЕ КҮШИН ҚОЛДАНЫСЫ**

#### **11-бап. Атыс қаруын қолдану**

1. Атыс қаруын қолдану лажсыз шара болып табылады және оған басқа шаралар тиімсіз болғанда немесе егер жағдайдың мән-жайы бойынша басқа шараларды қолдану мүмкін болмағанда жол беріледі.

2. Әскери полиция органдары қызметкерлерінің:

1) әскери қызметшілерді, басқа да азаматтарды қылмыстық қол сұғудан қорғау, сол сияқты кепілге алынған адамдарды босату;

2) әскери полиция органдарының қызметкерлеріне немесе олардың отбасы мүшелеріне, құқық тәртібін қорғау жөніндегі қызметтік және қоғамдық борышын орындал жүрген адамдарға жасалған шабуылды тойтару;

3) қүзетілетін объектілерге, айдауылға, үй-жайларға, ғимараттарға, көлік құралдарына, соның ішінде әскери бөлімдердің әуе және теңіз кемелеріне жасалған шабуылды тойтару, сондай-ақ басып алынған жағдайда оларды босату;

4) қылмыстық құқық бұзушылық жасау кезінде ұсталған және (немесе) қарсылық көрсеткен, қүзеттен қашқан адамдарды ұстап алу, сондай-ақ қарулы адамды ұстап алу;

5) егер жүргізуши әскери полиция органдары қызметкерлерінің заңды талаптарына бағынбаса және әскери қызметшілер мен азаматтардың өміріне не денсаулығына қауіп төндірсе, әскери көлік құралын зақымдау жолымен тоқтату;

6) хайуанаттардың шабуылынан қорғану;

7) дабыл қағу немесе көмек шақыру белгілерін беру;

8) қажетті қорғану және лажсыз қажеттілік жағдайларында атыс қаруын қолдануға құқығы бар.

3. Қарулы шабуыл жасаған, қарулы қарсылық көрсеткен, адамдарды кепілге алған, көлік құралдарын басып алған не топтасып шабуыл жасаған жағдайлардан басқа кезде, әйелдер мен кәмелетке толмағандарға қатысты атыс қаруын қолдануға тыйым салынады.

4. Әскери полиция органдарының қызметкерлері атыс қаруы қолданылған барлық жағдайларда айналадағылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, зардал шеккендерге шұғыл медициналық көмек көрсету үшін қажетті шаралар қолдануға, қару қолданылғаны туралы тікелей бастығына баяндауға міндетті.

5. Әскери полиция органдары қызметкерлерінің кісі өліміне немесе өзге де ауыр зардалтарға соқтырған атыс қаруын қолдануының әрбір жағдайы туралы әскери прокурор дереке хабардар етіледі.

6. Атыс қаруын қолданудың әрбір фактісі бойынша қызметтік тергеу жүргізіледі. Атыс қаруын заңсыз қолдану фактісі анықталған жағдайда, кінәлі адам Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

Ескерту. 11-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2014 № 227-V (01.01.2015  
бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

## 12-бап. Арнайы құралдарды және дене күшін қолдану

1. Әскери полиция органдары қызметкерлерінің дене күшін және арнайы құралдарды, оның ішінде қүрестің жауынгерлік тәсілдерін, кісендерді, резенке таяқтарды, үй-жайларды ашатын, көлікті мәжбүрлеп тоқтататын құралдарды, қызметтік иттерді, сондай-ақ тізбесін Қарулы Құштер саласындағы орталық мемлекеттік органдардың, ұлттық қауіпсіздік және Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы органдарының бірінші басшылары айқындастын арнайы көлік құралдарын қолдануға мына жағдайларда:

1) әскери қызметшілерді, басқа да адамдарды олардың өмірі мен денсаулығына қатер тәндіретін шабуылдан және өзге де әрекеттерден қорғауға, өзін-өзі қорғауға;

2) әскери бөлімдердегі жаппай тәртіпсіздіктің, сондай-ақ әскери қызметшілердің қоғамдық тәртіпті және әскери тәртіпті топтасып бұзының жолын кесуге;

3) әскери қалашықтарға, объектілерге, құрылыштарға, үй-жайларға, ғимараттарға және әскери көлік құралдарына жасалған шабуылды тойтаруға немесе оларды басып алған жағдайда босатуға;

4) егер құқық бұзушылардың қашып кетуі, айналадағыларға немесе өзіне зиян келтіруі мүмкін деп пайымдауға жеткілікті негіздер болса, оларды әскери бөлімдерге және гауптвахтаға жеткізу, ұсталған, күзетпен қамауға алынған адамдарды айдауылмен алып жүру және күзету үшін, егер олар әскери полиция

қызметкерлеріне, әскери тәртіпті сақтау және қоғамдық тәртіпті қорғау жөнінде өздеріне жүктелген міндеттерді орындастын өзге де адамдарға бағынбаса немесе қарсылық көрсетсе, құқық бұзушыларды ұстағанда;

5) есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды заңсыз сақтау, қаруды, оқ-дәріні, жарылғыш заттарды ұрлау және жоғалту, сондай-ақ әскери қызметшілерді іздестіру фактілерінің алдын алуға және оларды анықтауға бағытталған профилактикалық іс-шараларды жүргізгенде құқығы бар.

2. Айналадағылардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін шабуыл, топтасқан шабуыл жасаған не қарулы қарсылық көрсеткен жағдайлардан басқа кезде, әйелдерге, мүгедектік белгілері анық білініп тұрған адамдарға және жас балаларға қатысты арнайы құралдар мен дene күшін қолдануға тыйым салынады.

3. Әскери полиция қызметкерлерінің кісі өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқтырған арнайы құралдар және дene күшін қолдануының әрбір жағдайы туралы әскери прокурор дереке хабардар етіледі.

Ескерту. 12-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданыска енгізіледі); 10.01.2015 № 275-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданыска енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданыска енгізіледі) Зандарымен.

#### **4-тaraу. ӘСКЕРИ ПОЛИЦИЯ ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КАДР ҚҰРАМЫ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАЛУЫ**

##### **13-бап. Әскери полиция органдарының кадр құрамы**

1. Әскери полиция органдары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әскери қызметшілермен және азаматтық персоналмен жасақталады.

2. Әскери полиция органдарында қызмет өткеру үшін шақырылатын әскери қызметшілер және өзге де адамдар қызметке тағайындалар алдында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті арнайы тексеруден өтеді.

Әскери полиция органдарына алғаш қызметке тұратын адамдар міндетті тұрде арнайы бастапқы оқудан және тағылымдамадан өтеді, олар үшін сынақ мерзімі белгіленуі мүмкін. Олардың сынақ мерзімінен және тағылымдамадан өту тәртібі мен шарттарын Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі, Ішкі істер министрі, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы айқындаиды.

3. Әскери қызмет өткеруді немесе құрылымына әскери полиция кіретін тиісті органдарда қызмет өткеруді регламенттейтін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда адамдар әскери полиция органдарына қызметке қабылданбайды.

4. Әскери полиция органдарының азаматтық персоналын жұмысқа қабылдау мәселелері және еңбек жағдайлары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен және Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасымен реттеледі.

**Ескерту. 13-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.05.15 N 253, 2008.05.26 N 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 04.07.2014 № 233-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарамен.**

#### **14-бап. Әскери полиция органдарының әскери қызметшілерін әлеуметтік және құқықтық қорғау**

1. Әскери полиция органдарының әскери қызметшілеріне әскери қызмет өткеруді регламенттейтін, құқықтық және әлеуметтік кепілдіктерді, женілдіктерді, медициналық, зейнеттік және басқа да қамсыздандыру түрлерін белгілейтін Қазақстан Республикасының заңнамасы, сондай-ақ осы шарттарға қайшы келмейтін, құрылымына әскери полиция кіретін тиісті органдарда қызмет өткеруді регламенттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасы қолданылады.

2. Әскери полиция органдарының қызметкерлері мемлекеттік билік өкілдері болып табылады және мемлекеттің қорғауында болады, оларға белгіленген үлгідегі қызмет күйліктері мен омырауға тағатын белгілер беріледі.

3. Әскери полиция органдары қызметкерлерінің өз лауазымдық міндеттерін атқаруына байланысты олардың өздеріне жүктелген міндеттерді орындауына кедергі келтіру, қорлау, қарсылық көрсету, күштеп қорқыту немесе олардың өміріне, денсаулығына, ар-ожданы мен қадір-қасиетіне, мүлкіне қол сұғушылық Қазақстан Республикасының зандарамен сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

#### **15-бап. Әскери полиция органдары қызметінде зандылықтың сақталуын қадағалау**

Әскери полиция органдары қызметінде зандылықтың сақталуын қадағалауды Қазақстан Республикасының Бас прокуроры және оған бағынышты әскери прокурорлар жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының  
Президенті